

Қабыл ақын - дабыл ақын

**Ақын өлді демедер,
Қалды артында өлеңдер
Өлең тірі тұрғанда
Ұмытпайды өрендер.**

Бұл Қабыл ақынның шумағы. Өмір бойы өлең өрнегін оюлап, адам болмысына өнегелі жыр үлгісін мөрлеп қалдыруды арман еткен жанның сөзі. Ақын дәуір тынысын, қоғам мен адам өмірінің гажайып рухани өлемін ұрпақтар жүрегіне жеткізуші ерек тұлға. Қабыл ақын да осындай жаратылысы бөлек дарын иесі болғаны мәлім. Туғанына 100 жыл тоғса да, оның есімі ел жадынан өшкен жоқ. Қайта қаламгердің жарқын бейнесі бодандық құрсауынан босанып, азаттыққа қол жеткізген елімен бірге жанырып, шығармаларына деген сұраныс та арта түсті.

Қазақ ұлттық поэзиясының өркендеп дамуына Қабылдың қосқан үлесі қомақты өрі артады. Әсіресе, балалар әдебиетінде ақын сөзімен айтқанда «қалдырған ізі мәңгілі», «Сарыарқа - алтын бесігім» атаулы жинаққа енген 151 өлең-жырдың үштен бірі балаларға арналған. Кезінде отандық қаламгерлер ұйымының да оның осы қасиетіне айрықша мән беріп, беле бағалағанын құжаттар растайды.

Ақынның көзі тірісінде - 7, қайтқаннан соң 3 кітабы жарық көріпті. Бір екініштісі, солардың дені қолда жоқ. Қолда бары соңғы екі жинаққа топталды. Бұл өрі көтсе ақын шығармаларының бестен бірі ғана. Ал оның кемінде 5 томдық шығармалар жинағын ұрпақтарға табыс ету алдыңғы ағалар міндеті деп білеміз.

Ақынның өлең-жырлары аудандық ұнпақтан бастап республикалық мерзімді басыда үнемі жарық көріп келгені белгілі. Көбісі алдымен «Орталық Қазақстанда» басылып шығады екен. Қабылдың мерейлі 60 жасқа толуына орай осы газет ұжымындағы қаламдестарының:

Жастайынан жақын жүрген балаға,

Ағартушы – білім құйған санаға.

Ұстаз, ақын, хәм жауынгер, журналист,

Майдан көшкен оқ бораған далада, – деп келетін өлең жолдары ақынның фено дүниедө жеткен биігі мен қалдырған ізінң көрінісі іспетті. Аталмыш газет оның қасырлық томын да барынша әйгілеп жатса игі еді... Осы арада ақынның кіндік қаны тамып, табаны жерге тиген Ертіс-Балқ өңірінің «Сарыарқа самалы» мен «Ертіс дидары», Петропавлдың «Северный Казахстан», Астанада шығатын «Төртінші билік», аудандық «Бұқар жырау жаршысы» газеттері ұжымдарына ақын творчествосын туған халқына дер кезінде паш еткені үшін мың да бір алғысымызды білдіргіміз келеді.

Иә, бала тілі - балдау. Расында да, бала тілімен «былдырлау», бала миымен қимылдап, бала жүрегімен сезіну – бұл төңірдің сөз зергеріне о бастан дарытқан сирек қасиеті. Содан да болар, ел ішінде оны: «Жас дәуренді жыртпаған» - деп, ерекше қастерлейді. Оның кейіпкері небәрі мектеп жасындағы өскіндер.

Басты тақырыбы – балғынның оқу ошағында толымды білім алып, өнегелі тәлім-тәрбие көріп, есіп жетілуі. Жеткіншектің қоршаған ортасы да ақын назарында. Бәрін жинақтап, бағалап, талғаса, бір күллі ақын болып қалайды. Жаңарған елімізде бұл да көкейкесті мәселе деп білеміз. Қазекем өмірден өткен ағайынға ас беріліп, есімі имани жолмен еске алынбаса, «жоқтаушысы жоқ» деп жатады. Осы сөзді Қабекеңе телісек, күпірік болар еді. Ақынның мерейлі жылдары өз елінде атау-сыз қалмаған көрінеді. Мұражайға көрмесі қойылып, өзі қызмет еткен мектебіне есімі берілді. Десек те, оның 100-ге толған мерейлі жылы несімен есте қалады деген ой мазалайды. Ең болмағанда, ақын сүйіп жырлаған Сарыарқа төрінде тұлпарлар дүбірі, «Саржайлау» құмбірі естілмес де, Аманжолдай ақыны бар ел Қабылға дабылды жыр додасын өткізіп бермегені өкінішті-ақ.

Қабыл Боранбайұлының қаламалды тұңғыш туындылары «Қарағанды пролетариаты» газетінде басылып шығады. Кейін «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан», «Әдебиет майданы» тағы басқа газет, журналдарда жарық көреді. 1949 жылғы тұңғыш жинағы «Дәурен», одан кейін «Ант» (1950), «Дос отряд» (1955), «Балалар шаттығы», «Жаңарған жазық» (1962), «Талқыр бала», «Дән дария» атты өлең жинақтары өмірге келеді. Бұлардың басым көпшілігі балаларға арналып, мазмұны ызықты уақиғаларға толы, ұғымға жеңіл де жайдары өлеңдер қатарынан орын алады. Оның жоғары талғамды аудармалары да кезінде әріптестері мен оқырманның лайықты бағасына ие болады. Қазақ тіліне ол Некрасов, Маяковский, Исаковский, Симонов, Гафур Гулям сынды ақындардың өлеңдерін, И.Василеньконың «Звездочка» повесін, тағы басқа заман тынысының айнасындай, көкейкесті саяси-әлуметтік туындыларды қазақ тіліне аударып, есімі ел аумағына әйгілі болады. Орыс тіліне аударылған шығармалары да баршылық. Бұл орайда отандас ақындар Федор Моргунын «Хантағы» балладасын, В. Копылинның «Потомки великого Ленина» өлеңін айрықша атап өлік.

Қабыл - коммунист ақын. Сондықтан оның өлең сөзі осы тұрғыдан өрілуі заңды. Өрі жасампаздығы замана тынысына сәйкес болуы шарт. Оның үстіне өзінің ақындық өнерге біржолата бой ұрып, қалам тартқан шағы жалпы қазақ ұлттық әдебиетінің іргетасы жаңадан қалана бастаған азатты кезеңіне дәл келеді. Бұл ақын-жазушы қауымының идеология саласында бітпес майдан ашып, тынымсыз арпалысқа түскен шағы еді. Сол бір апасалыран заманда талай арыстарымыз атылып, мерт болды, зынданға қамалып, итжеккенге айдалды. Бөрінен де оның ідетті дерті ұрпақтар санасын ұландырып көткені жаңға батады. Осы бір күллі кезеңнің көрмек домин татпағандар қазақ әдебиеті елімізде сирек болар. Қабылдың да оның ұлы жөбесінің құлабы болып кете жаздағанын білеміз.

(Жалғасы бар)

Қабыл ақын - дабыл ақын

(Жалғасы. Басы №35)

Бұл жайында өзі:

Көтерермін жырдың туын,
Қамықпаспын, жалықпаспын.

Жалған сыншы айқай-шуын

Жырмен бұзам бейне-тасқын, - деп толғанады.

Ақынның жыр додасында да өзіндік таңбасы бар. Бұл орайда оның өзі мекен еткен ата қоныс аймағының намысы үшін, айтыстарға қатысып жеңімпаз атанып, халқының құрметіне бөленгені белгілі. Ауыл арасында оны «орақ ауыз, отты тілді, айтыс десе, жарыс сөйгілігіндей арқасы қолады» дейді екен. Ол кезде еңбек жемісін арнайы жиын-тойларда атап өту дәстүр болды ғой. Ақындар да оған жақсы дайындалып келетін. Осындай бір мөрекеге бәсекелес ауданнан арнайы келген айтыскер ақын Көшен Елеуовтың:

Бұл дәуір ойдайтұғын дәуір емес,

Пайданы өркім өзі бас қамына.

Ренжідім жолда көріп жүгерінді

Сіңірмей топыраққа шашқаныңа, - деген өктем үнді

сөз тастамаына Қабыл ақын:

Жараспас жасы үлкенге өктем келіс,

Өрине, бұл сөзіңіз өткендегі іс.

Дегенмен, айтыңызшы, аулыңызда

Неліктен созылды ұзақ көктемгі егіс? - деген ұтымды

жыр жолдарын алдына тартады. Өрі қарай Қабең қанатты Керқұла аттай әуелеп, бәсекелестар тарапынан жіберілген тағы бірер көмшілікті келтіріп, қарсыласының мысын басады. Осындай жарасымды көркем сөз алмасу үлгісімен бүгінгі жас таланттарымыз да танысып, біле жүргені абзал.

Дарынды жыр тарланының философиялық, психологиялық толғаулары мен өмір өткелдері жайында толғамдары да өте толымды. Кеше мен бүгін, жақсы мен жаман, қас пен дос, адал мен арам, өмір мен өлім тәрізді қосарлы да қоспақты ұғымдар мен түсініктер төңірегінде бітөлғамдары ерегі.

Заман өтер, ет қашып, азар дөнең,

Өмір көшер - тап көше базар деген.

Сонда тулап жайындай теңіздегі

Тыным таппай бұл Қабыл жазар өлең, - деген жолдар қарттардың бүгінгі болмысын көз алдыңызға келтіріп, аяныш сезімін тудырса, ары қарай ақын көрілікпен келген азапты шаққа мойымай, қалған тұмырымды жырыммен жалғап, мәңгілік өтемін дегендей ойды меңзейді. Қабеңнің бұл бағыттағы ойлары терең, сөздері болат семсердей өткір.

Адамның қасы да бар, досы да бар,

Іштерінде берігі, босы да бар.

Желіккенде бурадай жын билеген

Арасында көрі мен жасы да бар, - деп келетін сөз тіркестері осының айғағы: Кезінде Қасым, Жұбан, Сөбит, Сырбай, Сайын, Тайыр, Ғафур, Қалижан, Музафар, Қайнікей, Ізтай сынды жыр тарландарымен иін тіресе қазақ поэзиясы әлеміне жүрек сазын жарыса қосқан дарынды ақын бейнесі бүгінде өзінің алуан қырынан жарқырай көрінеді. Мұхтарды пір тұтып, ұлы хакім Абайға еліктеп жазғандарының өзіндік таңбасы бар. Бұған «Көп еді ақын достарым» атты өлеңінің мына бір шумақтары дәлел.

Қиыстырған қиыннан,

Ақынның Қасым данасы.

Шығармас атын мынан.

Қазақтың осы баласы.

Дауыл еді өзі де

«Дауыл!» - депті сөзін де.

Жыр тасқыны тұратын

Қыранға біткен кезінде.

Тегі, осы жыр жолдары өшкімді де бей-жай қалдырмасы хақ. Оның әр дыбысынан дауылпаздың қайсар үні есіп тұрғандай. Ал Қабеңнің өзі де осы Арқа өңірінің қияға самғаған ақиық сұңқарының бірі емес пе?! Бұл ойымызды ақынның мол мұрасымен жете таныс жергілікті Қалиасқар ақынның «Қабыл ақын – дабыл ақын» деп атаған арнау өлеңіндегі:

Ер Бақтыбай бабандай батырсың сен,

Қалам – қару қос қолдап ел қорғап ең.

Ерлігің мен өрлігің аңыз болған,

Ерен туған атадан хас ақын сен –

Дарасың сен, - деп келетін шумақ жолдары айғақтай түседі. Ақынның «дабылды» жеке дара тұлғасын кезінде шөкіртті, кейін әріптесі болған Орал Көмітқызы Жақыпова апай мәңгілікке сапар шеккен ақынның образын көлесідей жыр жолдарымен сомдайды:

Қабең біздің қандай еді,

Ұлағатты ұстаз еді.

Ортамызда отырғанда

Тұлғасы биік жардай еді...

Бұны ақын емес апайымыздың терең толғаныста туындаған жүректарды шынайы да сырлы сөзі дер едік. Бұқар бабамыздың: «Таза мінсіз асыл ой шер қозғаса шығады» деуі осыдан болар. Ал өзімен қаламдас, адал дос болған тектілер мен тарландар жөнінде: Жалпыға жібек майда еді,
Күн көрікті Тайырым.

Тула бойын толтырған

Адамға деген қайырым – деген жыр жолдары оның талғамы биік, сезімі сертек, нәзік жанды лирик ақын екенін аңғартса,

Кешір мені, күн еңкеймей тұрғанда!

Жолығайын Қайнікейге, Сырбайға.

Көкірегім неткен соңша тар едің

Сағынышым бара жатыр сыймай да – деп келетін жолдар элегия өлемінің аңсаған сағынышты назына бойлатады. «Кешір мені, күн еңкеймей тұрғанда!» Неткен сөзтапқырлық, Сүйген жарына ғана айтылатын сөздерді достарына арнап қалай орынды қолданған десеңізші! Ақын шығармалары осындай ұтымды сөз орамдарына толы. Есімдері «Сарыарқа – алтын бесігім» жинағына енген 100-ден астам адам бүгінде о дүниелік болған екен. Ағла тағала оларға иман байлығын берсін деп, аруағына бас иеміз. Ал аман жүрген ұрпақтары баба есімің қастерлеп, оның асыл мұрасын өліне паш етуге атсалысуы тиіс. Бұл – қасиетті борыш болып саналады.

Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ,

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Астана

филиалының жауапты хатшысы,

ҚР журналистер одағының мүшесі